Центр стратегических исследований
Стратегиялық зерттеу орталығы
г.Актау, src.gumol@gmail.com

16816850-ГСЗ1 конкурс қорытындысына

ШАҒЫМ

16816850-ГСЗ1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырысының қорытындысы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) **қайшы келеді және заңсыз деп санаймыз**.

1. «SAPSAN» стратегиялық орталығы жеке меншік мекемесіне қатысты. Бұл қатысушыға 18 балл берілген.

- **Жұмыс тәжірибесі бойынша** конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасының 6-тармақшаның ескертпесіне және Мемлекеттік сатып алу қағидаларына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша тәжірибе **ТЕК ҚАНА ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАР АКТІСІ (АВР) МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШОТ-ФАКТУРАНЫҢ (ЭСФ) БІРГЕ РАСТАЛАДЫ**. «SAPSAN» стратегиялық орталығы жеке меншік мекемесі жұмыс тәжірибесін тиісті құжаттармен растамаған, яғни, растамаған (АВР және ЭСФ жоқ). Соған қарамастан, Тапсырыс беруші заңсыз түрде жалпы тәжірибе үшін 0-дің орнына 2 балл және жергілікті тәжірибе үшін 0-дің орнына 2 балл берген.

- **Мамандар бойынша**. Мамандардың біліктілігі дипломдармен, сертификаттармен, ал жұмыс өтілі диплом және сертификатқа қоса Еңбек кодексінің 35 бабында көрсетілген құжаттары (еңбек кітапшасы, т.б.) ұсынылып, порталдағы қызметкерлердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) расталуы тиіс. Алайда, **«SAPSAN» стратегиялық орталығы жеке меншік мекемесі** мамандар бойынша тек біліктілігін растаған яғни, диплом, сертификаттар ұсынған, ал еңбек өтілі бойынша құжаттар ұсынылмаған. Нәтижесінде аталған мекемеге **Әлеуметтік жобаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі критерийі бойынша тек 4 баллдың орнына 2 балл қойылуы қажет.**

- Нәтижесінде, «SAPSAN» стратегиялық орталығы жеке меншік мекемесіне **18 баллдың орнына жалпы 14 балл қойылуы тиіс.**

2. «GUMOL» стратегиялық зерттеулер орталығы» КЕМ-ге қатысты. Біздің мекемені осы конкурстан шеттету арқылы Мемлекеттік сатып алу Қағидасын өрескел бұзу фактісі орын алып отыр, себебі біздің ұсынған өтінім заңнама мен конкурстық құжаттама талаптарына толықтай сәйкес келеді:

- Біздің ұсынған техникалық ерекшелікті Тапсырыс беруші Мемлекеттік сатып алу Қағидасының 21 қосымшасының 1 Критерийіне сәйкес бағалауға тиіс. Ол Қосымшада әлеуеметтік өнім берушінің техникалық ерекшелігі келесідей ақпаратты

қамту қажет: ***Мәселенің сипаттамасы (зерттеулер жүргізу, статистикалық және талдамалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген), жобаның мақсаттары мен міндеттері, жобаны іске асыру әдістері, Іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары, бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу, күтілетін нәтижелер мен әлеуметтік әсер және сандық және сапалық индикаторлардың болуы (соның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторлары).***

«GUMOL» стратегиялық зерттеулер орталығының техникалық ерекшелігі жоғарыда аталған ақпаратты толықтай қамтиды және де критерийлер жайлы ақпарат бөлімінде Мемлекеттік сатып алу Қағидасында көрсетілген барлық критерийлер егжей текжейлі жазылған. Алайда соған қарамастан біздің ұсынған техникалық ерекшелік талаптарға сәйкес емес деп біздің өтінім шектетілген. *Бұл заңсыз және осы критерий бойынша бізге 6 балл берілуі тиіс.*

- Біз жүзеге асырған гранттар (ЦПГИ) бойынша тәжірибемізді салыстыру актілерімен растадық, бұл іске асырылған гранттарды растау нормаларына сәйкес келеді.
- Жүзеге асырылған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша тәжірибемізді толық құжаттар пакетімен растадық, яғни біз әрбір іске асырылған жоба бойынша АКТ және ЭСФ ұсындық.
- Сондай-ақ, біз Мемлекеттік сатып алу Қағидалары талап еткендей, 5 маманның біліктілігін дипломдармен, еңбек кітапшаларымен және қызметкерлердің жеке ЭЦҚ-сымен растадық, бұл үшін бізге 2 емес 4 балл берілуі тиіс.
- Нәтижесінде, «GUMOL» стратегиялық зерттеулер орталығына **12 емес 20 балл қойылуы тиіс.**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, СҰРАЙМЫЗ:

1. «SAPSAN» стратегиялық орталығы жеке меншік мекемесіне **18 баллдың орнына жалпы 14 балл қойылуы тиіс.**
2. «GUMOL» стратегиялық зерттеулер орталығының техникалық ерекшелігі талаптарға сәйкес деп танылып, конкурсқа жіберулі тиіс және жалпы балл **20 балл қойылуы тиіс.**

ОСЫ ШАҒЫМДЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУДАН БАС ТАРТҚАН ЖАҒДАЙДА, БІЗ ӨЗІМІЗДІҢ ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІМІЗДІ ҚОРҒАУ ҮШІН СОТҚА ЖӘНЕ ӨТІНІМДЕРДІ БАҒАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫН БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА БАСҚА ДА ЖОҒАРЫ ОРГАНДАРҒА ЖҮГІНЕТІНІМІЗДІ ҚАПЕРІҢІЗГЕ БЕРЕМІЗ.

«GUMOL» КЕМ басшысы _____ **Сәрсенбаева Л.С.**